



# Ғылым тағам

— рухани-танымдық журнал

«Жоғары білікті оқулық - ойлылық пен эмоционалдықты, ғылым мен көркемдікті, материалды бейнелі баяндаумен ұштастыру үлгісі».  
И.Зверев, педагог - ғалым

# Оқулық жазу – оңай шаруа емес

Мектеп оқулықтары төңірегінде әңгіме де көп, айтылар сын да көп. Өйткені, біздің елде оқулық жазуды, шығаруды әлі күнге дейін бір жүйеге қоя алмай келеміз. Кеңестер Одағы кезінде оқулықтар Москва қаласында басылып шығып, барлық 15 республикаға тарайтын. Әр республикадағы өздері сол оқулықтарға қосымша әдістемелік құралдарды шығарып алып, оқытатын еді. Ресейде әлі күнге ғалымдар диссертациясын қорғай салысымен, бірден студенттерге, оқушыларға арналған оқу-әдістемелік нұсқауларды жазумен айналысып кетеді. Қазақстанда мықты ғалымдар жоқ емес, баршылық. Бірақ, сол ғалымдар ғылыми атақтарын алысымен, басшылық қызметке ұмтылады. Ия болмаса, оқулық жазуға бөлінетін аздаған қаржыны місе тұта қоймайды, сабақтарын беріп, тыныш жүргенді жақсы көреді. Сол себепті де әсіресе, математика, геометрия оқулықтарын жазатын ғалымдар аса көп емес.

Дегенмен, оқулық жазушылар министрлік көрсеткен бағдарламаға сәйкес, өз оқулығымызды шығаруға өз үлестерін қосып жатыр. Халқымыздың рухани байлығымен сусындатып, қазіргі заманда кәдеге жарайтын біліммен қаруландыратын, оқушы бойына жаңа сапалы дағдылар мен икемділіктерді дарытуға үлес қосуда көмекші құрал болатын оқулық жазу оңай шаруа емес. Қазақстанда ең алғаш өз оқулықтарын жазған ғалымдар арасында ақтөбелік Жеткербай Қайдасов бар. 7-11 сыныпқа арналған геометрия оқулығының негізгі авторларының бірі оқулық жазу төңірегіндегі өз тәжірибесімен бөлісіп, бірталай мәселенің басын ашып берді.

Бұрын геометрия – 7-11 сынып материалдары бір кітапқа топтастырылғандықтан салмағы біршама, көлемі қомақты оқулық болды. Оқушы әлі өзі оқымайтын 3 сыныптың кітабын тағы үш жыл бойы арқалап жүрді. Санитарлық талапқа қайшы келетіндіктен, әрі Кеңестер Одағы ыдырған соң, өз оқулықтарымызды жазу қажеттілігі туындады. Геометрия оқулығын әр сыныпқа бөліп, жұқа-жұқа кітап түрінде шығаруға үлес қосқан авторлардың негізгісі Жеткербай Қайдасов:

– Оқулық жазу оңай емес. Кез келген білімді адам оқулық жаза алмайды. Ол анық. Себебі, оқулық мазмұны сол пәнге негіз болған ғылымның заңдылығына ғана сүйеніп, жазылмайды. Оқулық жазу идея мен тұжырымның дидактикалық тұжырымның тоғысуынан туатын ғылыми жұмыстың ерекше бір түрі. Сондықтан, оқулықтарды бір адам жазбайды. Талап бойынша оқулық жазатын авторлар құрамына сол саланың маманы, орта мектепте сол пәннен дәріс беретін тәжірибелі ұстаз бен методист ғалым міндетті түрде кіреді, - дейді.


Жеткербай Қайдасов 1987 жылы диссертациясын қорғаған екен. Содан 1990-91 жылдары оқулық жазуға ең алғашқы ұмтылысын жасайды. Сол кезде Белоруссияның белгілі ғалымы Н. Рогановскиймен бірлесіп, оқулық жазуды қолға алмақшы болып келіседі. Кейін Кеңестер Одағы ыдырап, арадағы байланыс үзіледі де, бұл әрекеттері аяқсыз қалады. 2003 жылы қалалық білім бөлімінің тапсырысымен эксперимент ретінде дарынды балалар мектеп интернатының 7-8 сыныптарына арналған оқу құралын жазады. Кейін 2005 -жылы республикалық деңгейде оқулық жазу туралы ұсыныс түседі. Сөйтіп, жалпы білім беретін мектеп үшін 7-11 сыныптарға арналған геометрия оқулығын жаза бастайды.

– Ж. Қайдасов, В. Гусев, Ә. Қағазбаевалардың авторлығымен жазылған жалпы білім беретін мектептің 10,11 сыныптарына арналған геометрия оқулығы 2014-15 жылдары Мектеп баспасында үшінші басылыммен шықты. Биыл 8 – сыныпқа арналған «Геометрия» оқулығы үшінші басылыммен жарық көреді. Бір оқулық жазу үшін үлкен еңбек керек. Себебі, тек оқулықты жазып қана қоймайсың.

Біріншіден, оны екі тілде, орыс және қазақ тілінде жазасың. Артынан оны өзбек және ұйғыр тіліне аударады. Әр оқулыққа қосымша мұғалімге қажет оқу-әдістемелік нұсқаулық пен бақылау және өзіндік жұмыстар жинастырылған дидактикалық материалдарды жазасың. Оқушы мен мұғалім бірдей қолданатын есептер жинағы және бар. Мұны оқу-әдістемелік кешен деп атайды. Оны жазбасақ, бұл оқулық баспаға қабылданбайды. Биыл сол біз жазған оқулық толықтырылып, үшінші басы-

## КЕРЕК АҚПАРАТ

Қазақ тілінде оқытатын мектеп ашып, оқулық жазу ісі ХХ ғасырдың алғашқы 10-15 жылында едәуір жандана түсті. Бұл кезде қазақ зиялыларының әмбебап дарынды және қоғамдық-саяси белсенділігі күшті, қуатты шоғыры қалыптасқан еді. Олардың көпшілігі алғашқы қадамдарын мұғалімдіктен бастаған, ағарту ісіне жетік кісілер еді. Қазақ тілінде оқытын орта мектептер мен жекелеген факультеттерге арнап шын мәніндегі сапалы оқулықтар жазған аса көрнекті ғалымдар: Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Қ.Жұмалиев, С.Аманжолов, Е.Бекмаханов, Б.Кенжебаев, М.Ақынжанов, М.Ғабдуллин, Т.Тәжібаевтің, оларға ілесе шыққан дарындар: С.Қирабаев, З.Қабдолов, А.Нұрқатов, К.Аханов, Ә.Хасенов, Х.Әбілқайыр сияқты т.б. ғалымдардың еңбегі ерекше.



лыммен шығып жатыр, – деп Ж.Қайдасов оқулықтың үш басылымға шығаруының өзі сапасын көрсетеді деп атап кетті. – Кейбір сын айтушылар, «кітапта есеп аз» деп сынап, өздері екі бағытты шатастырып айтады. Және біз арнайы мектептер үшін емес, жалпы білім беретін мектепке арналған оқулық жаздық. Гуманитарлық мамандықты таңдағандар үшін қоғамдық-гуманитарлық бағытты қамтитын геометрия оқулығы 34 сағатқа есептелген. Ал инженер, математик, физик болам деген жаратылыстану - математикалық бағыт - 68 сағат. Есеп саны сабақтың сағатына сай болды. Министрлік бекіткен бағдарламада барды жазамыз», - деген ол геометрия оқулығының материалдарды беруде безендіру жағына мән беріп, алғаш рет кітаптың ішіне бояу енгізген де өзі екенін айтты. Және оқулық ішіне өз еліміздің көрнекі жерлерін, реті келген жерде мәселен, шар, сфера тақырыбына сәйкес Бәйтеректің, Пирамида суреттерін салып, есепке қолданған.

## ҚАЗІРГІ ОҚУЛЫҚТАРҒА ҚОЙЫЛАР ТАЛАП КҮРДЕЛІ

Оқулық жазатын авторларға қойылатын негізінен 3 талап бар.

- 1 Оқулықта берілетін материалдар. Бұл – басты талап. Себебі материалдарды дұрыс таңдап, оларды орны-орнына дұрыс қоя білу балалардың біліміне, сөздік қорының, тілінің дамуына игі ықпал жасайды. Ал материалдарды қалай өту, түсіндіру, қызғылықты өту – мұғалімнің міндеті.
- 2 Оқулықты безендіру ісі. Дұрыс безендірілген оқулық балалардың кітапқа деген қызығуын арттырып, түрлі медициналық-гигиеналық талаптарға жауап береді.

3 Дидактикалық. Оқулықта берілетін материалдар балалардың оқуға деген қызығуын оятуға түрткі болуы шарт. Оны жетілдіруде мұғалімдердің алатын орны ерекше, сондықтан сабақта түрлі әдістер қолдану арқылы оқулықтың көмекші серіктерін (кестелер, диктант, шығарма, мазмұндама жинақтары, сызбалар мен түрлі көрнекілік құралдар, т.б.) дұрыс пайдалана отырып, сабақты өту керек. Және оқулық жазатындай жинақтаған материалдарының мол қоры, білімі және шығармашылық шеберлігі болуы керек. Өркениетті елдердің өзінде жаңа оқулықты құрастырып, басып шығаруға дейін, шамамен, бес жылдай уақыт кететін көрінеді.

Бүгінгі заманғы мектеп үшін оқушыға ғылым негізін меңгертумен қатар, оны өмір кәдесіне жаратуға баулитын жаңа бітімді оқулық қажет. Бұл оқулықтар идеологиялық, дидактикалық, эстетикалық, психологиялық, логикалық, тілдік, әдістемелік, полиграфиялық, экономикалық негізгі талаптарға сай болуы керек. Дегенмен, біз де әсіресе геометрия пәні оқулықтарын сол талапқа сай шығарғанмен де, оқытуда көптеген кемшіліктерге жол беріліп жатқаны шындық. Жеткербай Қайдасовтың айтуынша, 7-8-9 - сыныптарда геометрия пәні жақсы оқытылады. ҰБТ енгізілгелі бері, 10-11- сыныптарда геометрия тек сабақ кестесінде ғана тұратын болды. Сабақ оқытылмай, орнына ҰБТ тестеріне дайындық жүргізілетінін жасыра алмайтын шындық. Одан қалды, бұл пәнді оқытқанда қолданбалы жағына мән берілмейді. Жер өлшеу деген сөзден шыққан геометрия пәнінен алған білім оқушының өмірінде керек. Мысалға, үй салған кезде ауданды есептеп шығару, құйған фундаменттің, құрастырған шатырдың диагоналін есептей білудің маңызы зор. Пәнді оқығанмен, өмірде кәдесіне жарата алмай жататындар баршылық.

Бақыт Жаншаева,  
Ақтөбе